

Г. Байжұма*, З.О. Дүкенбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: gulnar555@mail.ru, dukenbaevazo@mail.ru)*

Моңғолия қазақтарының репрессия дәуіріндегі қилы тағдыры

Қазақ халқы үшін ХХ ғасырдың ең ауыр қайғысы атанған сталиндік қуғын-сүргін кезінде талай абзал азаматтарымыздың басы оққа байланды. Кеңестік қоғам тұсында қазақ тарихының қайғысы мол, қасіреті ауыр парақтары жетерлік. Солардың бірі — бұрынғы Кеңес Одағында болған қуғын-сүргін қасіреті. Бұл тарихи оқиға Моңғолия қазақтарын да бейжай қалдырмады. Шет елдегі қазақ тарихының өзекті бір саласына арналған мақалада — Моңғолия қазақтары, оның ішінде жекелеген адамдарды қуғынға ұшыратып, жазалау шаралары қалай өткенін, зұлмат қуғын-сүргін жылдардағы халықтың жайын, нәубаттың салдары сараланған. Авторлар жаппай репрессияның саяси идеологиялық мәні мен жүргізілу себептерін ашып, жеке тұлғалардың ауыр қайғылы тағдырын айқындауға тырысқан.

Кілт сөздер: моңғолия қазақтары, репрессия, ұлт, Кеңес Одағы, қазақстандық тарих, саясат, жаппай қуғын-сүргіннің себебі.

Кіріспе

ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаев 31 мамыр — саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін үндеу жариялады. Үндеуде ХХ ғасырдың 1920–50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрып, халқымыздың тарихындағы қасіретті кезенді зерделеп, тарихи шындықты ұрпаққа жеткізуді тапсырды.

Президент Қ.-Ж.Тоқаевтың бұл тапсырмасы Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастыратын тағы да бір игі қадамдардың бірі деп білеміз.

Кез келген өркениетті ұлт өз тарихын қадір тұтады, оны ұрпақтың санасына енгізуге бар мүмкіндікті жасайды. Тарих — халықтың мыңдаған жылдар жинаған тәжірибесі, ақыл-ой, рухани байлығы, асыл қазынасы. Сондықтан, қазақ ұлттық бірегейлікте, біртұтас болу үшін, жаңа талапқа сай тарихыда болуы заңды. Кеңестік дәуірде Қазақстан мен шет елдердегі қазақтардың ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұстарын зерттеп, парасаттылықпен зерделеудің маңызы зор. Бір ұрпақтың басынан кешкенін, келер ұрпаққа толыққанды жеткізу басты міндет болмақ. Қаншама зобалаң жылдарды бастан кешкен қазақтың әрқайсысының айтқан зары, кешкен мұны, жүріп өткен жолдары — бәрі де бүгінгі ұрпақтың құлағында, жүрегінде, мәңгі есінде болуы тиіс. Халық тарихты жасаушы, байланыстырушы буын ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің дамуының көрсеткіші. Қазіргі заманғы тарих ғылымында басты назар тікелей тарихты жасаушы — халық пен адамды зерттеуге арналған. Отандық тарих ғылымы оның негізінде халықтардың тарихы мәселесін жан жақты және тиянақты зерттемей одан әрі қарай дами алмайды.

Өткен ғасыр біртұтас қазақ ұлтының тарихында қайғысы мол, қасіреті ауыр кезең болды. Қандай халық болса да, өз тарихи тағдырына енжар қарай алмайды. Ғасырлар өтседе, ХХ ғасырдағы жалпы қазақтың, соның ішінде Моңғолия қазақтарының басынан өткен репрессияның салдары мен зардабы, мезгілсіз ажал құшқан азаматтардың ел есінде мәңгі сақталуына үлес қосу өзекті мәселелердің бірі және бірегейі болмақ. Дәл осындай қилы тағдыр Моңғолия қазақтарын да бейжай қалдырмады.

Мәселенің қысқаша тарихы

Моңғолияда жаппай репрессия 1922 жылдың өзінде басталып кетті. Репрессия кезінде 800-ге жуық ғибадатхана мен 7 мешіт жойылды. Ал, 1937–1938 жылдары қуғын-сүргін шырқау шыңына жетті, 1939 жылдан бастап сәл бәсеңдеді, бірақ сол кездегі моңғол қоғамының барлық буындарын қамтыған әртүрлі формада көптеген жылдарға дейін созылды. Моңғолиядағы сталиндік-чойбалсандық репрессиясы әлеуметтік зиялыларға, діндарларға, өзге этностық топтарға қарсы

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulnar555@mail.ru (Г. Байжұма)

бағытталды. Адамдар жапондық тыңшылар ретінде жиі қудаланды. Әдетте, қуғын-сүргін кезінде 45000–55000 адам, тіпті 100000 адам өлтірілген деп есептеледі. Моңғолия халқының 8–13 % атылған болса, олардың арасында қазақтар да қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді. Сол кездегі Моңғолия Халық Революциялық Партиясының басшысы Х.Чойбалсанның басшылығымен және Сталиннің тікелей қысымымен он мыңдаған жазықсыз моңғолдар мен қазақтарды жаппай қырып-жоюға әкелді [1, 85].

Моңғолияның ұлттық мүдделері мен тәуелсіздігін қорғаған моңғол жазушылары мен ғалымдарының еңбектеріне тыйым салынып, өртелді. Осы репрессияның кезінде моңғол зиялылары тұтқындалып, жазаланды, олардың көпшілігі өлім жазасына кесілді. Сөйтіп, жаппай қырып-жою, басып-жаншу мақсатында жүргізілген жазалау шаралары тағы да ондаған жылдарға жалғасты.

Талдау

Моңғолиядағы үлкен репрессия себептері мен жүргізілген әдіс-тәсіл, әкелген зардаптарына сәйкес ірі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

1922–1939 жылдарды қамтыған бірінші кезең — Моңғолия төңкерісін кеңестік үлгіге келтіру мақсатында Моңғолия саяси жетекшілерін қуғын-сүргінге ұшыратты. Бодоо, Данзан және басқалар саяси аренадан бірінен соң бірі аластатылып, Коминтерннің нұсқауымен байлардың, ұлттық буржуазия мен интеллектуалды ламалар мен молдалардың мүлкі (құны 10 млн. төгрөг) тәркіленді. Шығыс секциясының тапсырмасымен қазақ қайраткері Тұрар Рысқұлов 1924 жылдың қазан айынан 1925 жылдың шілдесіне дейін Моңғолияда қызмет атқарып, осы елдің жаңа Конституциясын жазып беріп, оны қабылданумен қатар, ел астанасының атын Ұлан-Батыр деп өзгертті. Тұрар Рысқұлов осындағы қазақ ағайындарына үлкен пана болды. Осы кезеңде 1929 жылы Далелхан Сүгірбаев сынды қазақ зиялылары мен байлары Шығыс Түркістанға өтіп кетті. 1932 жылғы көтеріліс, шетке босудан кейін репрессия сәл басылды, алайда, келесі қорқынышты қырғынға дайындық жүріліп жатты. 1930 жылдардың аяғында МХР-да партиялық мемлекеттік бюрократия, жаппай репрессия мен қорқыту, түрмелер үстемдік еткен сталиндік-чойбалсандық социализм орнады. Қазақ этностық тобы қатігездікке тап болып, ауыр кезеңдерді бастан өткерді. 1932 жылы Кенжебек айдаған, 1934 жылғы қарапайым қазақтарды ату, сияқты ауыр заман өтті. Коммунистік Жастар Интернационалы (КЖМ) ұйымының жолдамасымен Өтепов, жұбайы Дилнүз Өтепова Коминтерннің жолдамасымен бірге, Қайырбай Тілеубердин мен Б.Жолтаев келеді. 1930–1932 жылдары Моңғолиядағы қазақтар арасында 3 жылға жуық жұмыс істеп, қара халыққа жаңа саясатын насихаттаған. Олар Өтепов Қазақстанда, Б.Жолтаев Моңғолияда қудаланған [2, 215].

Жапондық контрреволюциялық қастандықтар сериясын ұйымдастырды деген жалған айып тағылғандар Ж. Лхүмбэ, П. Гэндэн, Г. Дэмид, Д. Лувсаншаравтар болды. 1937–1939 жылдар аралығында 26000 адам репрессияға ұшырап, 25000 адам өлім жазасына кесілген еді. 1937 жылы 10 қыркүйекте арнайы комиссия құрылып, 1939 жылдың 22 сәуіріне дейін 51 рет өткен отырыста 25824 іс қаралып, 20474 адамды өлім жазасына кесті. Сонымен қатар 5103 адамды 10 жылға, ал 240 адамды 10 жылдан аз мерзімге соттап, бас бостандығынан айырды. Алғашқылардың бірі болып қазақтардан аудан, сұмын әкімдері М. Тұрды, Оразбек қажы, Ж.Ташкен, Ч.Бақат бастаған барлығы 15 адамды тұтқындаған. Толық емес ақпаратқа сүйенсек, 1937–1938 жылы 3270 қазақ жалған жаламен атылған деген дерек бар. Демек, сол кездегі Моңғолиядағы 23299 қазақтың 7,6 % құрайды. Тұлбадан 62, Бұлғын, Құжырты, Дэлүүннен 1928–1956 жылдары ұсталған 413, Қобда аймағынан 70 адамның аты жөні белгілі. Ботқара руының биі Барламұлы Ақтышқан өзі 4 ұлымен, Ботақара-Нұра Бөбейғали 4 ұлымен атылып, бүтіндей екі отбасы геноцидтің құрбаны болды. Ұлан-Батыр қаласында қазақ тілінде жарық көрген «Нәубет құрбандары» атты кітапта 1938–1950 жылдар аралығында атылған немесе жалған айып тағылған 1250-ге жуық моңғолиялық қазақтардың аты-жөні жарияланды. Дэлүүннен ұсталғандардың ішінде Е.Майтақ, Ә.Мағзай, Ә.Дәмбіл, Б.Құмар, Б.Қаби (молқы руы); М.Мағади, Ж.Мұқаметқали, Ж.Иманбай, Ж.Иманғұл, Ж.Иманбет, К.Смағұл, А.Хамит, Қ.Тілеубай, Б.Түсіпжан, Т.Мәмәли сияқты найман руының 10 азаматы; Болатұлы Нәжітпан, Нәжітпанұлы Бұқар, Шабақ, Ережеп, Ниязбекұлы Құнапия, Жәнәпия, Манақұлы Оразбек қатарлы молқы руының игі жақсылары; Т.Мәмәли, Қ.Мыңғыт, М.Мамырхан, Б.Үйсінбек, Ү.Уәли, Б.Өсер, О.Құнапия, Қ.Бәдәуи, Б.Сәлдебай, Б.Екібас, Б.Әміре, М.Есімбек, М.Жүнісбек, Қ.Дудан, С.Ұлатай, Ы.Бақат, Ы.Жиғанбай, М.Жүніс, Қ.Қайырбек, Қ.Әрен, Қ.Қайдар, Б.Әлхан ботақара руының азаматтары; М.Бұлғынбай, Т.Әдепбай, М.Жәкула, С.Келес, Т.Зәкерия, З.Мүкей, Б.Құдаш, А.Құсайын, Р.Қазанбай, Т.Құрайыш, Ж.Құмар, Т. Ақылхан қарақас руының белсенді азаматтары көптеп ұсталды. Бұл адамдардың қудалануға себеп

болған жағдайлар: біріншіден «Алтайға қашуды жоспарлады, ірі феодал, қашқын, жаназа шығарған молда» деген жалған ақпаратпен ұйымдастырылды. Тек 1937 жылдың тамызы мен 1938 жылдың қаңтары аралығында 10 728 адам қамауға алынды, оның ішінде 7814 лама, 322 бұрынғы феодал, 300 мемлекеттік қызметкер, 180 әскери басшылар, 3270 қазақ, 1555 буряттар және 408 қытайлар болды. Оның 7171 тергеуге алынып, 6311 атылды.

Ұлы нәубаттың, яғни 1940–1955 жж. арнайы комиссияның құрылуы саяси репрессияның екінші кезеңінің басталуына негіз болды. Бұл комиссияның басты міндеті — қылмыс куәгерлерін жою және жан түршігерлік қан төгушілерге қарсы бағытталған тарихи шындықтан аулақ болуды көздеді. «Порт-Артур ісі» деген желеумен 1939 жылы 78 адамды, 1940 жылы 42 адамды және 1941 жылы 86 адамды өлім жазасына кесті, олардың көп бөлігінің өмірі Кеңес Одағында шешілді [3, 56].

1922–1939 жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннің айнымас серігі — мемлекет және оның қызмет иелері мен органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптауы болды. Бұл заң бұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипат алып, оған заңдық негіз бен жариялылық түр берген кеңес заңдарының нормалары нұсқаулармен бүркемеленді. Бұл кезең қолданылған қылмыстық жазалардың ерекше қаталдығымен сипатталады. Мысалы, 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің ерекше бөлімінің I тарауында көрсетілген контрреволюциялық қылмыстардың 17-сінің 12-іне ең жоғарғы жаза — ату жазасын қолдану қарастырылды. Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап, азаматтық құқықтардан айыру, мемлекеттен қуу, дүние-мүліктерін тәркілеу, қатаң оқшаулау арқылы еркінен айыру тәрізді жазалау шаралары да кеңінен қолданылды.

1940–1955 жылдары қуғын-сүргін жеке тұлғаларға қарсы ұйымдастырылған кезеңді қамтыған еді. Арнайы комиссияның құрылуы саяси репрессияның екінші кезеңінің басталуына негіз болды. Бұл комиссияның басты міндеті — қылмыс куәгерлерін жою және жан түршігерлік қан төгушілерге қарсы бағытталған тарихи шындықтан аулақ болуды көздеді. «Порт-Артур ісі» деген желеумен 1939 жылы 78 адамды, 1940 жылы 42 адамды және 1941 жылы 86 адамды өлім жазасына кесіп, олардың тағдыры Кеңес Одағында шешілді. Екінші кезең Моңғолиядағы қазақтар үшін жеке тұлғаларға қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргін шараларының ең шарықтаған кезеңі болды. Онда бірнеше факторлар, әсіресе, Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт азаттық күресі, Оспан батырдың саяси сахнаға шығуы, Моңғолияның мен сан қырлы қарым-қатынасы, елдің батысында геосаяси ахуалдың күрделенуі, қазақтарды шет елмен байланысы бар деген жалған жала мен қазақтарды ұстап жоюға бағытталған саясат негізгі рөл атқарды.

Оспан батыр, Ақыт қажымен байланыста болған адамдар көптеп зардап шекті. Әсіресе, Қытай-Моңғолия шекарасындағы Баян-Өлгий аймағының Хужирт аймағындағы тұрғын қазақтар орны толмас қасіретке ұшырап, өлшеусіз жапа шекті. Алпыстан астам отбасы ауа көшіп Алтайдың күн бетіне асса, 81 отбасы Баяннуур аймағына күшпен жер аударылды. Жалған айыппен көптеген адамдар атылып, ұзақ жылдарға түрмеге тоғытылды. 1946 жылғы «Қарабаланың қылмысы» деген атпен Бұлғында әдейі жүргізілген саясаттың салдарынан бір топ ауыл Дэлүүнге қарай жер аударылған. С. Қарабала 1949 жылы 2 шілде күні 49 жасында МТК-ның сот мәжілісінен ату жазасына кесілген. «С. Қарабала 1917 жылы Қазақстанның Семей қаласы, Үржар ауданында туған. Өмірінің көбі Шығыс Түркістанда өткен. 1944 жылы 27 ақпанда моңғол шекарашыларының қолына түсіп, Қобда қаласында сегіз ай тергеуде жатқан. Осы жылдың қазан айында Ұлан-Батыр қаласына жөнелтіліп, қатаң бақылауға алынған. 1951 жылы 7 сәуір күні тұтқындалып, 29 маусымда арнайы комиссияның № 2 бұйрығымен ату жазасына бұйырылған. 1991 жылы 6 желтоқсанда Жоғары сот әкімшілік кеңесінің 184-ші кепілдемесімен ақталған» деп жазылған. Бұл 1950 жылдары да қазақтарға қарсы репрессия жалғасқанына дәлел болады [1, 115].

1956–1990 жылдары болған саяси қуғын-сүргіннің үшінші кезеңі моңғол зиялыларының жаңа буынының ұлт мүддесін қалпына келтіру үшін ұлтшылдығын әлсіретуге бағытталған. Бұл кезең Моңғолиядағы саяси репрессиялар алдымен терроризм арқылы жүзеге асырылды, бірақ келесі жылдары ол біртіндеп партиялық басқару, жазалау, жала жабу, идеологиялық қудалау, лақап аттар және депортация түрінде өтті. 1960 жылдардан бастап Баян-Өлгий аймағы қазақтарын Төв, Хэнтий, Сэлэнгэ, Дорнод т.б. алыс аймақтарға депортациялау олардың өміріне ауыр соғып, тілі мен ділінен ажырай бастады. Бұл жолы ол құқық қорғау, сот және прокуратура органдарының қатысуымен жүзеге асырылды. Репрессияның бұл кезеңі тура қазақтарға бағытталып, тіл, рухани, заттық мәдениетін жойып, геноцид жасауға бағытталып, социалистік жүйеде бірге бола тұрып, Қазақстан мен Моңғолиядағы қазақтар арасындағы қарым-қатынасына балта шабуға қадам жасалынды. Оған

МХРП-ның ОК-ның саяси бюросының 1976 жылғы «Интернационалдық тәрбиені пәрмендендіру туралы» № 149 қаулысы, орталықтан жіберілген шовинист, асыра сілтеуші Л.Хүрлээнің іс-әрекеті дәлел бола алады. Осыдан қазақтар рухани зардап шегіп, ондаған зиялылар қуғындалды. Бұл саясатқа қазақтардың қарсы болуымен бірге Д.Қонаевтың араласуы арқасында толық іске асырылмады [3, 81].

Бұл елдегі саяси репрессия белгілі бір сыртқы және ішкі факторларға тура байланысты болды. 1930 жылдардың басынан бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Моңғолияға қатысты саясаты жандана түсті. Сол кезде Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жанынан Моңғолия комиссиясы құрылды. Олар Моңғолия мәселесін үнемі талқылап, қаулылар шығарды. Мысалы, 1930–1939 жылдары Моңғолия мәселесін 168 рет талқылады. Моңғолия басшылығына Жапон әскері басып кіру қаупін төндіреді деп, жапондық тыңшылар Моңғолияға, әсіресе ғибадатханаларға еніп жатыр деген жалған ақпаратпен сендірді. Сталин Моңғолия басшыларын көп санды моңғол ламаларын қуғын-сүргінге ұшыратуға және ғибадатханаларды жоюға шақырды. 1937 жылдың күзінде КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары Фриновский мен Қорғаныс министрінің орынбасары Смирнов Моңғолияға келгенде контрреволюциялық және жапондық тыңшылар деп аталатын тізімді әкелді. Мыңдаған адамдар партия, мәдениет, қоғам, әскери, ламалар мен қарапайым халық зардап шекті. Тұтқындау кезінде ондаған кеңес кеңесшілері мен тергеушілері Моңғолияның ішкі істер министрлігінде жұмыс істеді және іс жүзінде олар тұтқындалғандарға тергеуді ұйымдастырды.

Саяси қуғын-сүргінге ықпал еткен көптеген ішкі факторларда болды. Сол кезде Моңғолияның Ішкі істер министрлігінде биліктің шамадан тыс орталықтандырылуы тергеу мен тергеу кезінде азаптауды ерікті қолдануға әкелді. Мұны заңдастыру үшін арнайы комиссия күдіктіні оның өміріне ауыр зиян келтірмей азаптауға санкция беретін шешім шығарды. Нәтижесінде, Ішкі істер министрлігінің шенеуніктері заңды түрде азаптауды қолдануға құқылы болды. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің анықтаулары мен тергеуі толығымен прокурордың бақылауынан тыс қалды. Ол кезде 50 000 ішкі барлау агенттері болған. Тағы бір фактор, істі сот емес «Арнайы комиссия» деп аталатын комиссия шешімі болды. Арнайы комиссия айыпталушылардың істерін қараған жоқ және оларға тізім бойынша үкім шығарды. Сонымен қатар, айыпталушылар арнайы комиссияның шешіміне шағымдануға құқылы емес еді. Бұл елдің сыртқы жағдайы күннен-күнге шиеленісіп, ішкі ұрыс-керіс күшейіп тұрған кез еді. 1935 жылдың ақпанынан бастап Жапонияның шекарада арандатушылық жасауы, ол кезде жапондық барлау Моңғолияда бар деп айтуға толық негіз болды.

1990 жылдардың басында репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, 1998 жылы 2 қаңтарда жалған саяси істердің құрбандары ресми түрде ақталды [1, 167].

Этностық және діни тегі басқа миллиондаған адамдар, тоталитарлық жүйенің езгісіне түсіп, жалған жаламен сотталып, туған жерлерінен күшпен жер аударылып, түрмелерде жазықсыз атылды, көз жұмды. Біздің аяусыз қасірет шеккен азаматтарымызды есте сақтау қасиетті парызымыз.

1922–1990 жылдардағы аяусыз қуғын-сүргіннің айнымас серігі — мемлекет және оның қызмет иелері мен органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптау болды. Бұл заң бұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипат алып, оған заңдық негіз бен жариялық түр берген кеңес заңдарының нормалары нұсқаулармен бүркемеленді. Осы кезең қолданылған қылмыстық жазалардың ерекше қаталдығымен сипатталады.

Қорытынды

Кеңестік тарихтағы ауыр қасіретті оқиғалар, соның ішінде Моңғолия қазақтарының тарихындағы 1922–1990 жылдардағы жаппай саяси репрессияның алар орыны ерекше. Сонау 1920 жылдары орныққан мемлекеттік репрессивты машина бұл кезеңде тоқтаусыз және белсенді жұмыс жасайтын механизмге айналды.

Қорыта айтқанда, 1922–1990 жылдардағы жаппай репрессиялау шаралары мен салдарының заң жүзінде осындай демократиялық еркіндік пен құқықтар мойындалғанымен, іс жүзінде бұрмалануы, заңсыздықтың белең алғаны бүгінгі күнде белгілі болып отыр. Бүгінгі таңда ақиқатты қалпына келтіруге, боямасыз көрсетуге ұмтылыс жасалып, жаңа деректермен, тың мәліметтермен көрсетілуде. Қалай дегенмен де, қазақ тарихындағы бұл қасіретке бейжай қарау, санамыздан өшіру елдігімізге сын емес пе?! Ащы тарихымызды білмеу — тәуелсіздік қадірін түсінбеумен пара-пар. Ендеше, ұрпақ санасына өткен дәуір тарихын жаңғырту, халық зиялыларын жадымыздан бір сәт те шығармау баршамыздың ұлт алдындағы азаматтық парызымыз деп білейік!

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі / З. Қинаятұлы. — Алматы: 1995.
- 2 Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы / И. Қабышұлы. — Баян-Өлгий: 1980.
- 3 Сұрған Р. Құжырты құрбандары / Р. Сұрған. — Баян-Өлгий: 2004.

Г. Байжума, З.О. Дукенбаева

Трудная судьба казахского народа Монголии в период репрессии

В статье на основе исторических материалов исследована самая страшная трагедия XX века для казахского народа — сталинская репрессия, когда многие из наших граждан были расстреляны. История Казахстана в советское время имеет много трагических страниц. Одна из них — проблема преследования в бывшем Советском Союзе. Это историческое событие не обошло и казахов Монголии. Настоящая статья посвящена одному из важнейших направлений казахстанской истории за рубежом — анализу того, как казахи Монголии, отдельные ее представители, подвергались преследованиям и наказаниям; описаны трудное положение народа в годы репрессии, ее последствия и судьбы отдельных казахов. Авторами предпринята попытка выявления политических идеологических источников, причин массовых репрессий и определения трагической судьбы отдельных лиц.

Ключевые слова: монгольские казахи, репрессия, нация, Советский Союз, казахстанская история, политика, причина массовых репрессий.

G. Baizhuma, Z.O. Dukenbaeva

The difficult fate of the Kazakh people of Mongolia during the period of repression

During the Stalinist repressions, which became the worst tragedy of the XX century for the Kazakh people, many of our wealthy citizens were shot. In Soviet times, the history of Kazakhstan has many tragic pages. One of them is persecution in the former Soviet Union. This historical event did not leave out the Kazakhs of Mongolia. This article is devoted to one of the most important areas of Kazakh history abroad — an analysis of how individual representatives of the Kazakhs of Mongolia were persecuted and punished, the situation of the people in the dark years of repression, the consequences of this. This is the identification of political and ideological sources and causes of mass repression and the determination of the tragic fate of individual persons.

Keywords: Mongolian Kazakhs, repression, nation, Soviet Union.

References

- 1 Qinaiatuly, Z. (1995). Zhylagan zhyldar shezhiresi [Chronicle of the weeping years]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Qabyshuly, I. (1980). Mongoliia qazaqtarynyn tarikhy [History of the Kazakhs of Mongolia]. Baian-Olgii [in Mongolia].
- 3 Suragan, R. (2004). Quzhyrty qurbandary [Victims of torture]. Baian-Olgii [in Mongolia].